

TYPES OF HUNTING AND PROBLEMS OF HIS RATIONAL USE IN THE ZONE OF
REPUBLICAN ENTERPRISE OF FORESTRY OF KOKTEREK IN THE ZHAMBYL AREA

In this article there were considered types of hunting fauna and problems of his rational use in the zone of republican enterprise of forestry of Kokterek in the Zhambyl area.

Keywords: Kokterek republican enterprise of forestry, the world of animals, hunting fauna.

ӘОЖ 630907.12:630.6

Егембердиев Н., Адилбаева Ж.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ, БАЙЗАҚ АУДАНЫ «БАЙЗАҚ» ОРМАНДАРЫ МЕН
ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІН ҚОРҒАУ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНДЕ ТЕРЕК
ПЛАНТАЦИЯЛАРЫН ӨСІРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада Жамбыл облысы, Байзақ ауданы «Байзақ» ормандары мен жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесінде терек плантацияларын өсіруді ұйымдастырудың пайдасы жайында айтылады.

Кілт сөздер: Терек плантациялары, жануарлар дүниесі, орман шаруашылығы.

Кіріспе

Қазақстанның оңтүстік облыстарындағы ормандар көбінесе топырақ және егін қорғау, климат реттеу, су қорғау, санитарлы-гигиеналық, рекреациялық және басқа да маңызды қорғаныштық-экологтік функцияларды атқарады. Өзінің өсуіне қолайлы климаттық және топырақ жағдайларында терек тез өсетін ағаш түрі ретінде арнайы күтуді талап етеді. Терек ағаштарының тез өсіп, пісіп жетілгендігі айқын көрсетілген болғандықтан күту, кесу жұмыстарын дұрыс ұйымдастырғанда әрбір ағаштың қоректенуге қажетті ауданы көлемі артады. Орман қорының аздығы орман шаруашылығы қызметкерлерінің алдына осындай мәселелерді шешу міндеті тұр. Бұл міндеттерді орындау үшін орман шаруашылық мамандары орман өсімдіктерінің өсіп-дамуын, табиғи жаңаруын зерттей отырып, ағаш екпелерін отырғызу арқылы оның көлемін арттыру, тиімді пайдалану және қорғау бағытында жұмыстар ұйымдастыруы қажет. Сонымен қатар, ағаш екпелерін отырғызу арқылы егістіктерді қорғау, ылғалдылығы мол топырақты жерлерді мелиорациялау топырақты су және жел эрозиясынан қорғау, қалалар мен елді-мекенді көгалдандыру шараларын жүргізуге міндетті. Осы міндеттерді шешудің бір жолы жаңадан құрылған орман алқаптарына өзен су қоймалары, тоғандар, жолдар бойына, құмдауыт жерлермен шұңқырлар, сайларды, елді-мекенді жерлерді көгалдандыруға қарқынды өсетін ағаш тұқымдары екпелерін отырғызу. Кесілген ағаштардың орнын толықтыру мәселесін жүйелі, жоспарлы түрде жүргізіп отыру [1].

Қазіргі уақытта Республикамыздың халық шаруашылығы қарқынды дамып өркендеуде әсіресе құрылыстар көлемінің ұлғаюы, ағаш материалына деген сұраныстың артуына себеп болып отыр. Сүректің деген сұранысты шешудің бір жолы, тез өсетін ағаштар екпелерін отырғызу.

Тез өсетін ағаш тұқымдарынан алынған сүректің халық шаруашылығының көптеген салаларында: химия өнеркәсібінде-целлюлоза, жасанды жібек өндіруге, қағаз, сіріңке өндіруге, жиһаз жасауға, қопарғыш заттар өндіруге, ауыл шаруашылығы өнімдерін салатын

жәшіктер дайындауға, жүк таситын вагондардың қабырғаларын қаптауға және тағы басқа тұрмыста тұтынылатын алуан түрлі бұйымдар жасауға кеңінен қолдануға болады [2].

Тез өсетін ағаш тұқымдарының ішінде Қазақстанның оңтүстік-шығысында қарқынды өсетін және жоғарғы өнім беретін ағаш түрі – терек ағаш.

Терек ағашының қарқынды өсіп жетіліп сүрек дің дайындауға жарамды болуы. Сонымен қатар терек ағашы күй талғамайтын ағаштардың бірі. Терек қарқынды өсетін сүректің түрі ретінде орманшылардың назарын аударды әсіресе соңғы үш-төрт онжылдықта көптеген ғалымдар терек ағаштары түрлерін, жерсінуін зерттей бастады. Терек ағашының маңызының зор екенін ФАО құрамына кіретін (Біріккен ұлттық ұйымның азық-түлік және ауылшаруашылық бөлімі) негізгі мақсаты теректер туралы ғылыми жаңалықтарды жинақтау және реттеу болып табылатын халықаралық комиссияның 1947 жылы құрылуы куәлік етеді.

Ресей және Қазақстан ғалымдарының еңбектерінде терек ағаштарының өсуі үшін топырақ-климаттық, гидрологиялық жағдайларды талап ететіндігі және терек ағаштарының өнімділігі жоғары болуы үшін жоғары агротехниканы қолдану керектігі атап өтілген. Ф.Л. Щепотьев [3], егер қоршаған орта жағдайлары (ауа-райы, топырақ пен жер асты суларының жағдайы) мен өсімдіктердің орналасқан жері теректің талаптарына сай болмаса, олардың пайдалы қасиеттері (өсу жылдамдығы) төмендеп кететіндігін атап көрсеткен. Д.Д. Лавриненконың [4] деректері бойынша аэрациялы топырақта және жер асты сулары жоғары деңгейде болса, терек жылдам өседі. Бұл жағдайлар ең алдымен өзен аңғарлары мен ойпаңдарда болады. Мысал ретінде құнарлы топырақта, жазықта өскен еуроамерикалық сұр теректің екпелерінің өсуі туралы деректер келтіреді. 17 жылда терек екпелерінің биіктігі 15-20 метр аралығында болады және кеуде биіктігіндегі диаметрі 30-53 см аралыққа жетеді.

Байзақ ауданы «Байзақ» ормандары мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі жағдайында терек плантацияларын құруда мырзатерек қара терек және канада теректерін өсіру тиімді.

Терек екпелерін өсіру тәжірибелері төмендегідей нәтижелер көрсетті. Бұл ағаш түрлерінен жоғарғы өнім ал үшін тамыр жүйесінің жақсы дамуына, топырақтың су және ауа режимінің қолайлы болуына жағдай жасайтын топырақты жаппай, әрі терең өңде әдісін қолдану қажет.

Терек плантацияларын құру топырақта қыстай жинақталған ылғалдың мол қорын пайдалану үшін топырақ жіби салысымен ерте көктемде жүргізіледі. Бір жылдық көшетте отырғызу материалы болып табылады.

Жарық пен жыл біркелк түсуі үшін, топырақтағы су мен ылғалды біркелкі сіңіруі үшін терек көшеттерін текшелеп бөлінген жерге орналастырған дұрыс. Ағаштарды осылай орналастырғанда олардың діңдері пішіні дұрыс қалыптасады және ұшарбастары біркелкі дамиды. Қатар аралықтарды қол еңбегін пайдаланбай, қарама-қарсы екі бағытта культивациялауға болады.

Вегетациялық кезең барысында теректер өте қарқынды өседі. Сондықтан теректерді вегетациялық кезең аяқталғанға дейін күту қажет. Отырғызылған ағаштарды күту жұмыстары көшеттерді отырғызған сәттен бастап ұшарбастары толық қалыптасқанша жүргізіледі. Қатар іші мен қатар аралықтар топырағы қопсытылып, арамшөптері оталып отырады. Бес жыл ішінде барлығы 18 рет механикаландырылған және 5 рет қолмен топырақты күту жұмыстарын жүргізу керек. Қысқа мерзімде жоғары сапалы терек сүректіңін алу үшін күту жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру қажет, яғни дің мен ұшарбасын дұрыс қалыптастыру мақсатында бұтақтарды кесіп отыру керек. Осы мақсатта екінші жылы көктемде жанама бұтақтар кесіледі, бесінші жылы ағаш діңінің биіктігінің үштен бір бөлігі бұтақтардан тазартылады [5].

Қорыта айтқанда, зерттелген алқаағаштарының негізінде күтім, суару дұрыс ұйымдастырылған жағдайда 20-25 жылда 1 гектардан 620 м³ дейін сүрек қорын алуға болады.

Әдебиеттер

- 1 Бессчѣтнов П.П. Тополь (Культура и селекция). Издательство «Кайнар» Алматы, 1969.
- 2 Щепотьев Ф.Л. Павленко Ф.А. и другие «Быстрорастущие древесные породы», Москва, 1962.
- 3 Бессчѣтнов П.П, Грудзинская Л.М. «Туранговые тополя Казахстана», 1962.
- 4 Лавриненко Д.Д., Филимонов В.Д., Федоренко Б., Редько Г.И. и другие «Создание тополевых насаждений» издательство «Лесная промышленность», Москва, 1986.
- 5 Байзақ ауданы Байзақ ормандары мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің соңғы жылдардағы шаруашылық есептері.

Егембердиев Н., Адилбаева Ж.

ОРГАНИЗАЦИЯ ПЛАНТАЦИОННОГО ВЫРАЩИВАНИЯ ТОПОЛЯ В «БАЙЗАКСКОМ» ГОСУДАРСТВЕННОМ УЧРЕЖДЕНИИ ПО ОХРАНЕ ЛЕСОВ И ЖИВОТНОГО МИРА БАЙЗАКСКОГО РАЙОНА ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

В статье описана организация плантационного выращивания тополя в Байзакском государственном учреждении по охране лесов и животного мира Байзакского района Жамбылской области.

Ключевые слова: плантации тополя, выращивание, лесное хозяйство, животный мир.

Egemberdiyev N., Adilbayeva Zh.

ORGANIZATION OF POPLAR PLANTATIONS IN BAIZAK STATE INSTITUTION FOR FORESTS AND FAUNA PROTECTION OF BAYZAK DISTRICT, ZHAMBYL REGION

This article describes benefits from organization of poplar plantations in Baizak state institution for forests and fauna protection of Bayzak district, Zhambyl region.

Key words: poplar plantations, growing, forestry, fauna.

УДК 634.0.178.66

Елемесов Е.С., Кентбаева Б.А.

Казахский национальный аграрный университет

САНИТАРНЫЕ РУБКИ В ГОСУДАРСТВЕННОМ ЛЕСНОМ ПРИРОДНОМ РЕЗЕРВАТЕ «СЕМЕЙ ОРМАНЫ»

Аннотация

В данной статье приводятся данные по санитарным рубкам ухода культур в государственном лесном природном резервате «Семей орманы», ежегодный объем всех видов прочих рубок в целом по резервату.

Ключевые слова: лесные культуры, резерват, рубки ухода, санитарные рубки, разрубка кварталных просек.